



## БҰЙРЫҚ

05.12.2024 ж

Орал қаласы

## ПРИКАЗ

№ 736

город Уральск

**«Хисмет Капанов атындағы Орал халықаралық гимназиясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі балабақшасында анықталған бұзушылықтардың жойылғандығы туралы есебін қарау қорытындысы туралы**

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III «Білім туралы» заңының 59-бабы, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің 2022 жылғы 31 желтоқсандағы №14 «Білім беру ұйымдарына мемлекеттік аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» бұйрыққа сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Хисмет Капанов атындағы Орал халықаралық гимназиясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі балабақшасында мемлекеттік аттестаттау жүргізу барысында анықталған бұзушылықтардың жойылғандығы туралы есебін қарау және мемлекеттік стандарт талаптарына сәйкестігін анықтау қорытындысы бекітілсін.

2. «Хисмет Капанов атындағы Орал халықаралық гимназиясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі балабақшасының білім беру қызметтері мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкестендірілуіне байланысты аттестатталсын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалауды өзіме қалдырамын.

Департамент басшысы

З.Гумарова